



# Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті

## Фтизиатрия кафедрасы

**Тақырыбы:** Туберкулез, туберкулездің санитарлық және химиялық алдын алу.



Ж.Т

Орындағандар Токмурзина У .

Уташева Г  
Шолохова



# Жоспар

**I. Кіріспе**

**II .Негізгі бөлім**

**□Туберкулёз**

**□Ауру берілудің ауалы-тамшылы жолы**

**□Аурудың ауалы-шаң арқылы берілу жолы**

**□Туберкулез туралы фактілер**

**□Туберкулездің негізгі белгілері**

**□Туберкулездің негізгі белгілері**

**□Туберкулездің санитарлық алдын алу**

**□Туберкулездің санитарлық алдын алу**

**□Дәрі – дәрмектерге төзімді туберкулез**

**□Емделуі**

**III. Қорытынды**

**IV.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**



## Кіріспе

Аурудың басты белгілері: 3 аптадан асқан жөтел, тамаққа тәбеттің шаппауы, салмақтың төмендеуі, түнде терлеу.

Балалар арасында туберкулездің алдын алуда тиімді тамақтану, дұрыс жоспарланған күн тәртібі, дене шынықтыру мен спортпен шұғылдану ағзанын ауруға қарсылығын күшейтеді.

Зақымданудың басты көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын науқас. Егер науқас жерге немесе еденге түкірсе ол кебеді, одан кейін шаңмен ауаға көтеріледі. Осындай шаңды жұтқан сау адам ауруды өзіне жұқтырады. Аурудың басты белгілері: 3 аптадан асқан жөтел, тамаққа тәбеттің шаппауы, салмақ тастау, түнде терлеу.

Осы белгілер пайда болса науқас дәрігерге қаралуы тиіс. Сырқат өзінің жеке гигиенасын және жоғарыда келтірілген ережелерді қатаң сақтаған жағдайда өз отбасын, айналасындағыларды туберкулезден сақтай алады.



# Туберкулёз

Туберкулёз (латынша Tuberculum – бұдыр) – әртүрлі органдарды зақымдайтын, көбіне өкпеде орнығып, организмнің улануымен, клиникалық көрінулер полиморфизмімен сипатталатын, толқын тәрізді өтетін созылмалы жұқпалы дерт. Тырнақтар мен шаштан басқа адам организмнің барлық органдарын, ұлпаларын зақымдап, туберкулездің өкпеден тыс түрлерінің дамуы мүмкін.

Туберкулез қоздырғышы (туберкулез таяқшасы, Кох таяқшасы) белгілі неміс ғалымы Роберт Кохпен 1882 жылдың 24 наурызында ашылды. 1982 жылы Роберт Кохтың туберкулез қоздырғышын ашқанына жүз жыл толуына байланысты Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы мен туберкулезбен және басқа өкпе ауруларымен күресу Халықаралық одағы 24-ші наурызды ресми Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні деп жариялады.



1882 жылдан бастап туберкулез дүние жүзінде кемінде 200 млн. адам өмірін қиды, бұл соңғы 100 жыл ішінде майдан даласында қаза тапқан әскерлердің санынан едәуір артық. Туберкулез микобактериялары әртүрлі әсерлерге, атап айтқанда спирттің, қышқылдардың, сілтілердің және төмен температураның әсеріне аса төзімді, сондықтан сыртқы ортада өзінің дерт тудырушы қасиеттерін сақтай отырып, ол ұзақ уақыт өміршеңдігін сақтайды. Туберкулез микобактериялары тек аса жоғары температурадан, хлорқұрамды құралдардан және тікелей күннің көзінен ғана өледі. Көше шаңында туберкулез микобактериялары 10 күн бойына, кітап беттерінде 3 айға дейін, науқастың киімінде, төсек орнында 3-4 айға дейін, суда 5 айға дейін, ал қарда шексіз ұзақ уақыт бойына өміршеңдігін сақтайды.





## Ауру берілудің ауалы-тамшылы жолы

Туберкулезбен ауыратын науқастан туберкулез бактериялары жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде ауамен таралуын білу керек. Сау адам ластанған ауамен микробтарды бірге жұтып, туберкулез дертіне шалдығады. Дертке шалдығудың бұл жолы берілудің ауалы-тамшылы жолы деп аталады. Туберкулез – Кох таяқшалармен қоздырылатын, өкпе және басқа органдарды зақымдайтын жұқпалы дерт. Зақымданудың басты көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын науқас.

Науқастың қақырығымен туберкулез таяқшасы бөлінеді. Егер науқас қақырықты жерге немесе еденге түкірсе, ол шаңмен араласады. Осындай шаңмен тыныстанған сау адам өзіне дертті жұқтырады. Туберкулез бактериялардысау адам организміне сілекей тамшылары немесе шырыш шашырандыларымен дауыстап сөйлегенде, түшкіргенде, жөтелгенде түседі. Инфекция көзі – туберкулезге шалдыққан ауру малдарда болуы мүмкін. Мұндай үй жануарларының еті мен сүт өнімдерін термиялық өңдемей тамаққа қолданғанда бактерия жұқтыру мүмкін. Көптеген адамдарғұмыр бойы туберкулез бактерияларын жұқтыруы мүмкін, бірақ дерт олардын кейбір бөлігінде ғана дамиды. Бұл туберкулез инфекциясына қабылдағыштығына қарамастан, адамның оған едәуір төзімділігі де барымен түсіндіріледі.



## Аурудың ауалы-шаң арқылы берілу жолы

Науқас адам тікелей жерге немесе еденге түкіретін қақырық кеуіп, шаңмен араласады, бұл ауамен көтеріліп, киімге, заттарға, қабырғаға қонады. Туберкулез бактериялары араласқан шаң тыныс алғанда ауа арқылы сау адамның организміне түседі де, ол дертке шалдығады. Дертке шалдығудың бұл жолы берілудің ауалы-шаң арқылы берілу жолы деп аталады. Эпидемиологияға қатысты туберкулезге шалдығудың ең елеулі және негізгі жолы берілудің ауалы-тамшылы жолы болып табылады, атап айтқанда туберкулезбен ауыратын науқастан туберкулез бактериялары жөтелгенде, түшкіргенде, қатты сөйлегенде ауамен таралуы. Туберкулез бактериялары ауада бірнеше сағаттар бойына болуы мүмкін. Туберкулездің ашық жұқпалы түрімен ауыратын науқас ұзақ уақыт бойына желдетілмейтін бөлмеде болса, ол шығаратын туберкулез бактериялары ауаға өте көп бөлінеді де, оларды науқасты қоршаған сау адамдар ауамен жұтып, туберкулез дертіне шалдығу қауіпі жоғарлайды. Туберкулезге шалдығу кезінде, ауру дамуына және оның өие ауыр түрде өтуіне себеп болатын бір қатар факторлардың маңызы зор. Бұларға қолайсыз әлеуметтік-тұрмыстық орта, құнарлы тамақтанбау (тамаққа етті, сүт өнімдерін, балықты, дәнді дақылдарды, көкөністер мен жемістерді жеткілікті мөлшерде қолданбау), психологиялық күйзелістер, қосарланған дерттер (қант диабеті, ойық жара ауруы, өкпенің созылмалы арнаулы емес ауруы, АҚТҚ/ЖҚТБ (ВИЧ/СПИД)), зиянды дағдылар (алкоголь, темекішегушілік, есірткілер).



ҚР Үкіметінің 2000 жылдың 30-ші наурызындағы № 468 «Қоршаған ортаға қауіп төндіретін дерттердің және әлеуметтік-маңызды аурулардың тізімін бекіту туралы» қаулысына сәйкес туберкулез онкологиялық аурулармен, демікпемен, ЖЖБИ, ВИЧ/СПИД, В және С гепатиттерімен қатар әлеуметтік-маңызды дерттерге жатады.

Туберкулезге қарсы қолданылатын күрес шараларына қарамастан, ол кәзіргі заманғы денсаулық сақтау саласының шешуі қиын проблемасы болып табылады, туберкулезбен ауру-сырқаушылық, одан болатын өлім деңгейі жоғары болып қалуда, ол орны толмас тәндік, моральдық, әлеуметтік және экономикалық нұқсан келтіруде.

Туберкулездің алдын алуда тиімді тамақтану, күн режимін сақтау, дене шынықтыру және спортпен айналысу, организмнің туберкулезге қарсы тұруын жоғарлататын ауа мен күн ванналары үлкен рөл атқарады.

Туберкулездің негізгі белгілері: 2 апта бойына жөтелу, тәбеттің жоғалуы, арықтау, түнде терлеу, кеуде клеткасының шаншуы, еңбекке қабілеттіліктің төмендеуі, дене температурасының көтерілуі.

Бұл белгілердің бірі байқалса тексерілуі және туберкулездің жоғына көз жеткізу үшін дәрігерге көріну қажет. Туберкулезді дер кезінде анықтау тез жазылып кетуге әкеледі.





# Туберкулез туралы фактілер

- Жер шары тұрғындарының шамамен 1/3 бөлігі (орта есеппен 2 млрд) туберкулез микобактерияларына шалдыққан;
- Туберкулездің ашық жұқпалы түрімен ауыратын науқас жыл сайын, шамамен 10-15 адамға туберкулез бактерияларын жұқтырады;
- Әлемде әрбір 15 секундта біреу туберкулезден көз жұмады;
- Күн сайын туберкулезден 5000 адам көз жұмады;
- ДДҰ деректеріне сәйкес, АҚТҚ (ВИЧ) инфекциясы кезіндегі өлімдердің 40% себебі туберкулез болып табылады;
- Туберкулездің микобактерияларын жұқтырған 10 адамның біреуі өмірінің бойына туберкулездің ашық түрімен ауырады;
- Әлемде 9-10 млн. адам туберкулездің бациллярлық түрлерімен ауырады;
- Туберкулезден болатын барлық өлім жағдайларының 98% әлемнің дамушы елдерінің үлесінде;
- Туберкулезді толыққанды және сапалы емдегенде, дәрі-дәрмектерге төзімді (MDR ТБ) дамиды.
- дәрі-дәрмектерге төзімді (MDR ТБ) әлемнің 109 елінде тіркелген;
- пациент оған тағайындалған барлық дәрілерді белгілі бір уақытта үнемі қабылдамаса, емделуді үзіліспен немесе бөлшектеп өткізу нәтижесінде дәрі-дәрмектерге төзімді (MDR ТБ) – аурудың аса қауіпті, қатерлі түрі дамиды;



## Туберкулездің негізгі белгілері

- 2-3 аптадан астам бойына, қақарық бөліп, жөтелу;
- салмақтың жоғалуы;
- түнде терлеу;
- температураның 37,0°–тан 37,9°С дейін көтерілуі;
- жалпы әлсіздік, қажып-шаршау;
- кеуде клеткасының шаншуы;
- кейде қақырықпен бірге қан түкіру.

Өкпе туберкулезі алғашқы сатыларында белгілерсіз өтеді, тек рентгенологиялық суреттер ғана оның барын көрсетуі мүмкін. Туберкулездің, сондай-ақ өкпеден тыс формалары бар, ол сүйектерді, буындарды, несеп шығару және жыныстық органдарды, лимфалық түйіндерді, ми қыртыстарын (туберкулездік менингит) зақымдайды. Инфекция, дессиминирленген туберкулезді туғызып, бір сәтте бүкіл организмге жайылуы мүмкін. ҚР Үкіметімен туберкулезбен аурусырқаушылықты төмендету мақсатында бұл дертке шалдыққан науқастарды тегін тексеру және емдеуді қарастыратын туберкулезге қарсы күресу Ұлттық бағдарламасы қабылданды. ДОТС стратегиясы бойынша химиотерапия енгізілді.



# Туберкулездің алдын алу шаралары

- Салауатты өмір салты: құнарлы тамақтану (тамаққа етті, сүт өнімдерін, балықты, дәнді дақылдарды, көкөністер мен жемістерді жеткілікті мөлшерде қолдану), үнемі дене шынықтырумен айналысу, жақсы демалу, салауатты қоршаған орта, темекі шегуден, алкогольден, есірткілерден бас тарту, көбірек таза ауада жүру, бөлмені үнемі желдету;
- Туберкулезді дер кезінде, уақытымен диагностикалау және емдеудің толық курсы аяқталғанға дейін емдеу.
- Сәби туылған кезде міндетті түрде БЦЖ вакцинациялау және 6-7 жаста ревакцинациялау. БЦЖ – туберкулез таяқшалары бар тірі вакцина. БЦЖ – иммунитетті қолдайды және организмнің қорғаныш реакциясын күшейтеді. БЦЖ организмді миллиарлық туберкулездің және туберкулез менингитінің ауыр түрлерінен сенімді қорғайды.
- Жеке гигиена ережелерін сақтау (төтелгенде, түшкіргенде салфеткалар мен бет орамалдарын пайдалану, жуу құралдарын және ағынды суды пайдаланып қолдарды, ыдысты жуу, тұрғын бөлмелерді сулы шүберекпен сүрту және желдету).



Туберкулезді ерте анықтау оны ешқандай қиындықсыз шұғыл емдеуге ықпал етеді, сондай-ақ контактідегі тұлғаларға жұқтыру қауіпін төмендетеді. ҚР ДСМ 2001 жылдың 10.04. №323 бұйрығына сәйкес өкпе туберкулезін ерте анықтау тақтикасында басым бағыт қақырықты бактериоскопиялық тексеру болып табылады. Балалардың жұқтырғанын дер кезінде анықтау үшін Манту Сынамасы өткізіледі. Манту Сынамасы сәбидің 1-жасынан бастап жылына 1-рет өткізіледі. Сынама нәтижесі 72-сағаттан кейін папуланы көрінетін сызғышпен жарық жерде өлшеу жолымен бағаланады. Папуланың тек көлденең размері тіркеледі, бұл ретте гиперемия аумағы саналмайды, ал кейде тек гиперемия болып, ісіңкілік болмаса, ол жағдайда гиперемия да тіркеледі. Ал реакция «оң» болған жағдайда диагнозды нақтылау және емдеу тактикасын анықтау үшін пациент туберкулезге қарсы күресу диспансеріне жіберілуі тиіс. Балалар инфекциясы бойынша карантин жарияланған ұжымдарда сынама өткізуге болмайды, оны карантиннен кейін бірден өткізеді.



## Туберкулездің санитарлық алдын алу

Туберкулезді санитарлық алдын алу дегеніміз бұл-ТМБ-сы табылған ошаққа қарсы эпидемиялық шаралар жүргізу.

ТМБ ошағы деп-микобактерия бөлушінің тұратын жері, яғни қоршаған ортасы болып табылады.

Туберкулез инфекциясының ошақтары 3-топқа бөлінеді.

Бактерия бөлу қарқындылығы келесідегідей бағаланады:

- Орташа бактерия бөлу ҚТБ+1 нақты сандық көрсетілімі ;
- Көп бактерия бөлу ( +2 ден +3 ке дейін )

Ошақтық бірінші эпидемиологиялық тобына жататындар:

- 1) Көп бактерия бөлетін науқастардың ошағы;
- 2) Орташа бактерия бөлуші балалар мен жасөспірімдері бар науқастар, жүкті әйелдер, маскүнемдер мен нашақорлар;
- 3) Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар және төменгі деңгейде өмір сүретін адамдар



## Туберкулездің химиялық алдын алу

Туберкулездің химиялық алдын алу бұл- жекелеген профилактика. Әдіс туберкулезға қарсы дәрілерді туберкулез ауыруын алдын алу мақсатында жүргізіледі.

Химиялық профилактика үшін негізінен изониазид қолданылады.

Туберкулезді химиялық алдын алу АИВ жұқтырылған балалармен жасөспірімдерге және ересектерге бірдей жүргізіледі:

1. Барлығына, АИВ-құрылымның кезігуінің оң нәтижелі болуы
2. Өкпе немесе өкпеден тыс туберкулезі бар адамдармен қарым-қатынаста болу, (әңгімелесу, амандасу, науқастың заттарын пайдалану т.б.)

Виразды балалардың арасында химиопрофилактика 1-рет жүргізіледі.

Туберкулинді тоғысудың виразында (нормергия, гиперергия) химиялық алдын алу курсының 3-айлық мерзімде.



## әрі – дәрімектерге төзімді туберкулез

- Кәзір деректер жинағы өткізілетін әрбір елде әлде бір дәріге төзімді штаммдар тіркелді; сондай-ақ туберкулезге қарсы барлық негізгі препараттарға төзімді ТБ штаммдары байқалуда.
- Егер пациент оған тағайындалған барлық дәрілерді белгілі бір уақытта үнемі қабылдамаса, емделуді үзіліспен немесе бөлшектеп өткізу нәтижесінде дәрі-дәрмектерге төзімді ТБ дамиды. Мұның қарсаңында науқастардың көңіл-күйі жақсарады, дәрігерлер мен денсаулық сақтау саласының басқа қызметкерлері емдеудің теріс сызбасын тағайындайды, қажетті дәрі-дәрмектер жиынтығы тұрақты жеткізілмейді.
- Дәрі-дәрмектерге төзімді ТБ ерекше қауіпті түрі көптеген дәрілерге төзімді ТБ түрі (MDR ТБ), ол туберкулезге қарсы препараттардың аса күштілері – изониазидке және рифампицинге төзімді ТБ бациллаларымен туындайды.
- Дәрі-дәрмектерге төзімді туберкулез емделеді, алайда бұған ұзағырақ уақыт (2 жылға дейін) екінші линия дәрілерімен химиотерапия өткізу қажет, бұл дәрілер бірінші линия дәрілеріне қарағанда қымбат және аса ауыр қосалқы реакциялар туындатады.



- Пациентке ең маңыздысы барлық дәрі-дәрмектік препараттарды дәрігердің тағайындауына сәйкес қабылдау. Бірде бір дозаны қабылдамауға болмайды және емделуді аяғына дейін жеткізу қажет. Егер пациент дәрілердің қосалқы реакциясынан зардап шексе, ол өз дәрігеріне немесе мейірбикеге хабарлауы тиіс.
- Туберкулезбен ауыратын науқастармен контактідегі денсаулық сақтау саласының қызметкерлерін қорғау үшін, медицина мекемелерінде санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелерді, санэпид режимді қатаң сақтау қажет. Қазақстан туберкулез дертіне шалдығушылық деңгейі аса жоғары елдер қатарында. Қазақстан Республикасында туберкулезбен күрес проблемасы мемлекет деңгейіне көтерілген және оны шешу үшін көптеген министрліктер, ведомстволар, сондай-ақ халықтың түрлі топтары қамтылған.
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары Ұлттық Орталығының туберкулездің алдын алу бойынша қызметі 2007 жылдың 21 желтоқсанында Үкіметтің №1260 қаулысымен бекітілген «Салауатты өмір салты» Бағдарламасының басым бағыттарының бірі туберкулез ауру-сырқаулығын төмендету бойынша бағдарлама. Өкпесі туберкулезге шалдыққан сөйлегенде, түшкіргенде, жөтелгенде жанындағы сау адамға жұғады. Сондай-ақ ауру адамның пайдаланған ыдысын, басқа да заттарын және туберкулез таяқшалары бар сүт өнімдерін пайдаланған кезде, туберкулезбен ауырған малды күту барысында жұғуы мүмкін.



## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[www.google.kz](http://www.google.kz)

[www.yandex.ru](http://www.yandex.ru)

[www.wikipedia.org](http://www.wikipedia.org)